



"Астана қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 шілдедегі № 884 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.01.2024 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы елордасын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астана қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астана қаласының мәслихаты мақұлдаған қосымшаға сәйкес Астана қаласы бас жоспарының жобасы бекітілсін";

2) көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 30 шілдедегі
№ 884 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 тамыздағы
№ 1064 қаулысымен
бекітілген

Астана қаласының бас жоспары

1. Бас жоспардың мақсаты

Астана қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) қаланың тіршілік-тынысының қолайлы ортасын құру және оны орнықты дамыту, экологиялық қауіпсіздікті, табиғат пен мәдени мұраларды сақтау мақсатында

Астана қаласының қала құрылысын дамытуды жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Бас жоспар:

қаланы егжей-тегжейлі жоспарлау және салу жобаларын;

перспективалық және бірінші кезектегі бағдарламаларды;

қаланың инженерлік және көліктік инфрақұрылымын дамыту схемасын;

қала маңы кешенінің аумақтарын сақтауды, дамытуды және абаттандыруды;

тұрғын үйлерді қайта жаңартуды және өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыруды;

қоғамдық, іскерлік және мәдени орталықтарды дамытуды;

туризм және демалыс объектілерін дамыту жоспарын;

қала ортасын кешенді абаттандыруды және эстетикалық ұйымдастыруды;

Астана қаласының әкімшілік аудандары мен басқа да аумақтық бірліктерінің аумақтарын дамытудың қала құрылысы жоспарларын әзірлеуді және іске асыруды әзірлеу үшін негіздеме болып табылады.

Астана қаласын дамытудың бас жоспарының негізгі мақсаты – экологиялық қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы тіршілік ортасын қалыптастыруға бағытталған қала құрылысы іс-шаралар кешенін жүргізу.

Бас жоспардың негізгі сәулеттік-қала құрылысы идеясы Астана қаласының айшықты келбетін қала өмірі үшін жайлы, Еуразия континентіндегі елдердің ынтымақтастық және өзара іс-қимыл орталықтарының бірі ретінде қалыптастырумен негізделген.

Бас жоспарда есептік кезеңге Астана қаласы халқының саны ауданы 71014,0 га қала аумағында 1 220 мың адам немесе гектарына 17,2 адам деп анықталған. Бұл ретте көгалды құрылыстарды қоса алғанда, салынған аумақ 46,4 %-ды құрайды, ал құрылысы салынбаған аумақ – 53,6 %.

2. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары

2.1. Демография

2030 жылға дейінгі перспективада демографиялық үдерістердің серпіні дәстүрлі, ертеден қалыптасқан қоғамдық даму факторларының және қоғам өміріндегі үдей түскен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, демек жаңарулардың барысында қалыптасатын жаңа факторлардың бүкіл жиынтығының өзара іс-қимылымен анықталады.

Астана қаласын демографиялық дамытудың сипаты халықтың табиғи және көші-қон қозғалысымен айқындалады, олардың ауқымы мен бағыты әлеуметтік-экономикалық қайта жаңарулардың нәтижелеріне:

қаланың экономикалық әлеуетінің дамуына;

тұрғын үй нарығының дамуына;

жұмыспен қамтылуға және еңбекақы төлеу деңгейіне;
мемлекеттік және қалалық әлеуметтік саясатқа және басқа да факторларға байланысты болады.

Астана қаласы тұрғындарының перспективадағы болжамды саны қаланың – елдің жаңа елордасының әкімшілік мәртебесінің өзгеруіне, Қазақстан Республикасының одан әрі демографиялық дамуындағы оның геосаяси рөліне негізделеді. Елорданы Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру еңбек нарығына оң әсер етті, ол өз кезегінде демографиялық жағдайдың барлық құрамдас бөліктеріне – туудың өсуіне, өлім-жітімнің азаюына, жас құрылымында оң өзгерістерге әсер етті.

Халықтың перспективадағы санын болжаудың нұсқалары бірнеше әдісімен есептелді:

демографиялық әдіс бойынша;
халықтың табиғи қозғалысының негізінде;
экстраполяция әдіс бойынша;
аумақтың демографиялық ауқымдылығы негізінде;
қала дамуының барлық кезеңіндегі қалыптасқан тұрақты өсу қарқынының негізінде.

Астана қаласы халқының 2030 жылға дейінгі кезеңдегі болжамды саны қаладағы, қала маңындағы және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша тұрақты әрі қарқынды демографиялық үрдістермен айқындалады.

Әралуан әдістермен алынған есептік кезеңге халық саны көрсеткіштерін салыстыру бұл көлем 963,0-1985,0 мың адам шегінде өзгеріп тұратынын көрсетеді.

Астана халқының ең мүмкіндігі мол болжамды саны соңғы көрсеткіштері арасындағы аралықтың ортасында 1200,0-1300,0 мың адам болады. Бас жоспарды әзірлеуде 2030 жылы халық саны 1220,0 мың адам негіз етіле алынды. Қала дамуының кезеңдері бойынша болжамды саны: 2015 жылы – 855,0 мың адам, 2020 жылы – 991,0 мың адам.

жұмыспен қамтылған халықтың есептік көрсеткіштері оның 2009 жылғы 347,2 мың адамға қарағанда 2030 жылға қарай 647,3 мың адамға дейін өсуін көздейді.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылысы дамуының негізгі мақсаты - бұл әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және осы қаралып отырған аумақта тұрғындардың өмір сүруінің жоғары орта деңгейін қалыптастыру.

2.2. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Перспективада әлеуметтік мәселелердің барлық жиынтығының арасында басты орын тұрғын үй проблемасына беріледі, бұл тұрғын үйдің халықтың

материалдық тұрмыс жағдайының маңызды элементі, әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі буыны ретіндегі объективті маңызымен айқындалады. Тұрғын үй жағдайы халықтың әл-ауқатын айқындамайды, бірақ елеулі түрде адамның басқа қажеттіліктері басымдықтарының құрылымы мен жүйесін құрады.

Тұрғын үй құрылысы міндеттерін шешу үшін тұрғын үй саясаты әлеуметтік дамудың басым бағыттарының біріне айналуы керек.

Тұрғын үй ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары тұрғын үймен орташа қамтылуды 2030 жылға қарай 1 адамға 30 шаршы метрге, сонымен қатар, барлық тұрғын үй қорын 37,2 млн. шаршы метрге дейін жеткізуді көздейді.

Құрылыс:

бос аумақтарда – 8,9 мың га;

тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу және қазіргі құрылыстың арасын жиілету арқылы қайта жаңартылатын аумақтарда – 2,7 мың га жүзеге асырылады.

Жеке тұрғын үй құрылысының үлесі барлық кезеңде тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінің 19,4% құрайды.

Астана қаласының тұрғын аумағын қайта жаңарту және дамытудың басым бағдарламалары:

қаланың магистраль маңы аумақтары, орталық жоспарлау ауданы, қалалық қоғамдық тораптары және басқалары жоғары қарқынмен пайдаланылатын құрылымдық бөліктеріндегі тығыздылығы төмен қазіргі құрылыс аудандарын қайта жаңарту;

аяқталмаған құрылыс объектілерін аяқтау және қалыптасқан құрылыстан тыс қаланың бос аумақтарында тұрғын үй кешендерін қалыптастыру;

күрделі жөндеуді, қайта жоспарлауды, амортизацияланған қорды бұзуды және кешенді абаттандыра отырып, биік ғимараттардың (18 және одан да жоғары) жалпы алаңының 1,0 млн. шаршы метр көлемде жайлы тұрғын үйдің жаңа құрылысын жүргізуді қоса алғанда, жалпы құрылыс аудандарын (60-80 жылдары және одан кейінгі құрылыстар) кезең-кезеңімен қайта жаңғырту;

сәулет-кеңістіктік аяқтау және осы аудандарда қоғамдық аймақтар мен орталықтар жүйесін қалыптастыру.

Бас жоспарда 2030 жылға қарай қызмет көрсетудің әлеуметтік-кепілді минимумының мекемелерімен қамтамасыз етілудің нормативтік көрсеткіштеріне және қалалық маңызы бар объектілерді дамытудың нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытында жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын ескере отырып, әлеуметтік саланы дамыту көзделіп отыр. Бұл ретте

, қаланың қызмет көрсету қорының шамасын жалпы алаңы 23,8 млн. шаршы метрге дейін жеткізу арқылы жалпы алаңы 16,8 млн. шаршы метр жаңа қызмет көрсету объектілерін салу есебінен әлеуметтік саланы іске қосу көзделіп отыр.

2.3. Экономикалық қызмет

Елорданы Астана қаласына көшіру қаланың экономикалық қызметінің құрылымын күрт өзгертті. Егер бұрын қаланың негізгі мамандандырылған салалары өнеркәсіп пен көлік болса, қазір елорда функциялары басты рөл атқарады:

мемлекеттік басқару;

ғылыми және білім беру кешені;

республикалық маңызы бар мәдениет, денсаулық сақтау, спорт.

Сонымен қатар, көлік-коммуникация кешені және негізінен қала халқының қажеттіліктеріне және шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсететін өнеркәсіп үлкен маңызға ие.

Бас жоспардың басты мақсатына қол жеткізу үшін дамытудың мынадай стратегиялық бағыттары анықталған:

өнеркәсіп салаларын дамыту;

көлік-логистикалық орталықты дамыту;

шағын және орта бизнесті дамыту;

қолданбалы ғылыми-білім беру және жоғары білім объектілерін дамыту;

туризмді және спортты дамыту.

Материалдық өндіріс саласының аяларын қайта құрылымдауды ғылымды қажетсінетін және ресурстар үнемдеу технологияларының пайдасына жүзеге асыру ұсынылады.

Астана қаласының республикалық маңызы бар қала мәртебесін сақтап қалуы болжанады және ғылыми-техникалық, білім, мәдени, әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуетін, республикалық және халықаралық маңызы бар нарықтық инфрақұрылым институттарының желісін қарқынды түрде дамыту ұсынылады.

Одан әрі экономиканың мемлекеттік және жеке секторларын тиімді үйлестіру және олардың өзара іс-қимыл жасауы жоспарлануда.

Бас жоспарда қаланы дамыту мүддесі үшін аумақтардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру және олардың қала құрылысы әлеуетін барынша тиімді пайдалану мақсатында өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру ұсынылып отыр.

2.4. Қаланың туристік инфрақұрылымы

Қаланың экономикалық қызметінің жаңа саласы - қызмет көрсетудің жаңа саласы ретінде - Астана қаласының қайталанбас сәулеттік-қала құрылысы, тарихи-мәдени мұрасы мен табиғи ортасының әлеуетін пайдалануы тиіс туризмге қызмет көрсету үшін рекреациялық инфрақұрылымды дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, туристік саланың ұйымдастыру- техникалық мәселелерін де және тарихи мұра мен табиғи әлеуетті сақтау, жаңғырту және қалпына келтіру мәселелерін де шешу қажет.

Туризмнің кешенді инфрақұрылымын құру:

туризмнің Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия өңірі аумағында "Ұлы Жібек жолының" солтүстік тармағының бір бөлігінің тораптық жүйесі ретінде Астана қаласының туристік кешенін дамыту;

қаланың жаяу жүргіншілер маршруттарымен біріктірілген туристік аймақтар жүйесін қалыптастыру. Мұндай аймақтар шегінде көрсету және бару объектілерін шоғырландыру және туристерді орналастыру орындарымен және оларға қызмет көрсету және туристік мекемелердің демалысты қамтамасыз етуі, туристік аймақтарды көлік маршруттарының жүйесімен біріктіру;

туристік көрсету және бару объектілерін дамыту, оның ішінде демалу және көңіл көтеру объектілерінің, спорттық-ойын-сауық және сауықтыру кешендерінің адамдарды қабылдау қабілетін ұлғайту, халықаралық туристік орталық, конгрестер, көрмелер, жәрмеңкелер орталықтарын салу;

қонақ үй желілерін, сауда-тұрмыстық және ақпараттық қызмет көрсету объектілері желілерін, туристік бюролар мен көлік агенттіктерін дамыту;

халықаралық әуежайда, темір жол вокзалында туристерге көлік қызметін көрсету жүйесін дамыту, арнаулы автокөліктер қызметін көрсету паркі мен кәсіпорындарды және автомобильдерді жалға беруді дамыту, туристік аймақтарда автотұрақтардың көлемін ұлғайту.

3. Қала құрылысын дамытудың мақсаттары

Астана қаласының қала құрылысын дамытудың басты мақсаты – қаланы тұрақты дамыту және қаланың қазіргі және болашақ ұрпақ үшін өмір сүрудің қолайлы ортасын қалыптастыру.

Бас жоспарда осы мақсаттарға қол жеткізу төмендегідей сипатталады:

Еуразия континенті елдерінің экономикалық, саяси, рухани және мәдени ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылының өңірлік орталығын құру;

аумақтарды қайта жаңарту және жайлы тұрғын орта қалыптастыру мәселелерін қоса алғанда, әлеуметтік, өндірістік және тұрғын-азаматтық мақсаттағы объектілер құрылысындағы жиынтылық;

қаланың көлік және инженерлік инфрақұрылымдардың сенімділігі, қауіпсіздігі және қолжетімділігі;

қала тіршілігінің экологиялық қауіпсіздігі мен қала және қала маңының табиғи кешенінің орнықтылығы;

әлемнің ең әсем 30 қаласының қатарына енуге лайық, ХХІ ғасыр қаласы, Сарыарқаның аңызға айналған даласындағы оазис-қала ретінде Қазақстан Республикасының жаңа астанасын қалыптастыру;

өзінің айқындығымен, жаңашылдығымен, ұлттық ұлылықтың қаймағы бұзылмаған келбеті мен жайлылығын сақтай отырып дамытылуымен, кеңістіктік бірлігімен, көркемдік даралығымен, үйлесімділігімен және қоршаған орта кеңістігінің сан алуандығымен ерекшеленетін Астана қаласының сәулеттік келбеті;

өндірістік аумақтарды пайдаланудың тиімділігі;

қалалық қоғамдық орталықтар жүйесінің дамуы мен қолжетімділігі.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу Астана қаласының аумағын қайта ұйымдастыру мен абаттандыру, салынған құрылыстарды қайта жаңарту, адамдардың өмір сүру ортасының сапалық сипаттамаларын арттыру жолымен жүзеге асырылуы тиіс.

3.1. Экологиялық талаптар

Бас жоспардағы экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі қала құрылысының іс-шаралары кешенді сипатқа ие және аумақтарды экологиялық негізделген аймақтандыруды белгілеумен, инженерлік инфрақұрылымдарды қайта жаңартумен және дамытумен, көлік инфрақұрылымын оңтайландырумен, аумақтардың экологиялық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және санитарлық норманың талаптарына сай келуін қамтамасыз етумен байланысты:

қаланың барлық өнеркәсіптік аймағын абаттандыра отырып және кәсіпорындарда табиғатты қорғаудың кешенді іс-шараларын жүргізіп, өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарын жоспарлауды реттеу;

атмосфераның өнеркәсіптік кәсіпорындардан ластану деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар, технологиялық жабдықтарды жетілдіру;

қаланың және қала маңы аймағының аумағындағы су ресурстарын қорғау жөніндегі іс-шаралар;

жаңа көше-көліктік магистральдарын, көпірлер, көлік айырықтарын салу және қазіргілерін кеңейту, көше-жол желілерін қайта жаңарту және жөндеу. Қозғалысы үздіксіз жалпы қалалық магистральдық көшелерді "жасыл толқын" қағидаты бойынша жеделдетілген қозғалысымен ұлғайту қала көшелеріндегі көлік ағынын жеңілдетуге, кептелістердің болуын және қозғалтқыштың бос айналуын елеулі түрде азайтуға мүмкіндік береді, осының себебінен автомобильден шыққан газдар шоғырының атмосфераға таралуын төмендетеді;

қоғамдық көліктерде электрлендірілген жүрдек көліктердің үлесін ұлғайту және балама көлік түрлерін: жеңіл-рельстік көлік, жүрдек автобустар жүйесін енгізу мүмкіндігі;

жаңа саябақ аймақтарын, бақтар, желекжолдар мен гүлзарлар жасау арқылы табиғи көгалдандырылған аумақтар жүйесін сақтау және дамыту жөніндегі іс-шаралар жүргізу;

тұрғын үй қорын санитарлық-қорғау аймақтарынан шығару көзделеді;

лас технологиялы (бірінші және екінші қауіптілік санаты) өндірістік ғимараттарды селитебтік аймақтан өнеркәсіптік аймаққа немесе қала маңы аймағына шығару көзделеді;

өндірістік және тұрмыстық қатты қалдықтарды толығымен қайта өңдеу мен залалсыздандыру – қоқыс өңдейтін зауыт салу;

қаланың және қала маңы аймағының табиғи кешені учаскесін – Есіл өзенінің арнасын сақтау үшін оның барлық жағалауы мен аралдық аймақтарын қоса алып, ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін беру ұсынылады. Жаңа қала құрылысы элементін – табиғи-рекреациялық кешен (бұдан әрі – ТРК) енгізу және қала құрылысы қызметінің ерекше режимі бар аумақ ретіндегі мәртебесін белгілеу. ТРК аумағының құрамына жалпыға ортақ пайдаланылатын барлық көгалдандырылған және бос аумақтар, бөгеттер мен инженерлік қорғаныстардың көгалдандырылған аумақтарын қоса алғанда, шағын өзендер мен табиғи көлдердің, Есіл өзенінің жағалау-қорғаныс жолақтарының және оның Ақбұлақ және Сарыбұлақ салаларының су қорғау аймақтарының аумақтары енуі тиіс. ТРК аумағының орнықтылығын қамтамасыз ету үшін табиғи ландшафттық негіз енгізу қажет;

қала және қала маңы аймағының табиғи кешені аумағының негізінде Астана агломерациясының табиғи және ландшафтты-рекреациялық каркасын қалыптастыру ұсынылады.

Қалыптасқан үрдістер мен Астана қаласындағы экологиялық және қала құрылысы жағдайының өзгеруін болжауды есепке алу және талдау негізінде елордадағы қоршаған орта жай-күйі туралы кешенді ақпаратты қорыту және көпшілікке ұсыну үшін "Астана қаласының тұрақты даму атласын (экологиялық аспект)" әзірлеу ұсынылады.

3.2. Аумақты қорғау және қаланың орнықты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болдырмау, олардың салдарларын минимумға жеткізу және қаланың халқы мен аумақтарын

зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын қолданудан қорғау мақсатында мынадай ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық іс-шараларды орындау көзделіп отыр:

қаланы жел мен шаңды бораннан қорғау үшін қаланың айналасындағы аумақтарды көгалдандыру және оларды табиғи ормандармен қосу жұмыстарын жалғастыру;

Нұра саласының Есілге құйылып, су алып кетуін және Астана қаласының оңтүстік-батыс бөлігінде лай су деңгейінің көтерілуін болдырмау мақсатында Нұра бөгетін Ақмола шоқысы ауданында қайта жаңарту жүргізу және көтеру;

төтенше жағдайлар кезінде елорданы ауыз сумен жабдықтаудың резервтік көзі ретінде пайдалану үшін Астана қаласының айналасындағы жер асты суларының қорын қосымша іздестіру және қайта бекіту жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу. Осы мәселені "Астана қаласын сумен жабдықтауды және су бөлуді дамыту" техникалық-экономикалық негіздемесін түзету сатысында қарау қажет;

өз өндірісінде әсері күшті улы заттар, атап айтқанда қауіпсіз технологияға хлор мен аммиак пайдаланатын "Мясомолрыбпромторг" акционерлік қоғамында, "Жанар-FALKOM" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде, "Астана су арнасы" мемлекеттік кәсіпорнында, "Молзавод "Столичный" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде технологиялық үдерістерді ауыстыру;

жолаушылар темір жол ағынымен қиылысуын болдырмау үшін айналма темір жол мен жүк терминалын сала отырып, темір жол жүк тасымалын қаланың өнеркәсіптік аймағының орталық бөлігіне шығару;

қаланың селетебті аймағында орналасқан газ толтыру станциясының біреуін қаланың өнеркәсіптік аймағына шығару;

басқару, хабарлау және байланыс жүйесін тұрақты дайындықта ұстауды ұйымдастыру, дамыту және қолдау;

азаматтық қорғаныс күштерін тұрақты дайындықта тұруға дайындау және қолдау;

атқарушы органдар, ұйымдар қызметкерлері мен халықты даярлау және үйрету;

қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін объектілердің және тізбе бойынша режимдік ұйымдардың орнықты жұмыс істеуін арттыру бойынша кешенді іс-шаралар жүргізу;

азаматтық қорғаныстың қорғаныстық құрылыстарының қажетті қоры мен басқа да мүліктерін жинақтау және тұрақты дайындыққа қолдау;

азық-түлік, су көздері, азық-түлік шикізаттарын, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) уланудан қорғау;

жоғарыда аталған іс-шаралардың кешенді шешу үшін "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары" жобасын әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту;

құрылыста сертификатталған жанбайтын құрылыс материалдарын қолдану және қазіргі заманғы өртке қарсы техникамен жабдықталған заманауи өрт депосын салу.

3.3. Тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен регенерациялау талаптары

Астана қаласының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары қаладағы тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен регенерациялаудың мынадай талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс:

қалалық және табиғи ландшафттың тарихи келбетін, көшелердің, алаңдардың, орамдардың тарихи желілерін, қала салу ансамбльдерінің тарихи жүйесін, қалалық кеңістікті сырттай қабылдаудың басты идеяларын, түйіндерін және танымдық аймақтарын, жылжымайтын мәдениет ескерткіштерін, құрылыс салудың және абаттандырудың тарихи сипатын қоса алғанда, қаланың бүкіл тарихи табиғи-ландшафттық, жоспарлау, композициялық, археологиялық және орта негізін, жер бедерін қала құрылысы және сәулет құралдары арқылы сақтауды, анықтауды және баса көңіл бөлуді;

жылжымайтын мәдениет ескерткіштерінің аумақтары және оларды қорғау аймақтары үшін олардың шекараларын және аталған аумақтар мен аймақтар шегінде қала құрылысы қызметін реттейтін режимдерді айқындайтын құқықтық қала құрылысы регламенттерін белгілеу және сақтау;

тарихи-табиғи ландшафттарды қорғау аймақтары үшін аталған аймақтар шегін айқындайтын құқықтық қала құрылысы регламенттері мен мұндай ландшафттарды қорғауды және шолып тамашалаудың оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін осы шекаралар шегінде қала құрылысын реттеу режимдерін белгілеу мен сақтау;

жылжымайтын мәдениет ескерткіштерін жаңарту мен қалпына келтіру, жылжымайтын мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке қою, паспорттандыру жөніндегі жұмыс көлемін ұлғайту.

Бас жоспарда тарихи және археологиялық ескерткіштер, мынадай: "Бозоқ" тарихи-археологиялық кешені, "Мыңжылдық аллеясы" қала құрылысы ансамблі, ландшафтты-туристік орталық, "Этнографиялық ауыл" демалыс орталығы мәдени-танымдық орталықтар құру негізінде тарихи-мәдени қорды одан әрі сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізу ұсынылады. ГП-2.1 сызбасында Астана қаласының сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштерінің тірек жоспары келтірілген.

3.4. Табиғи кешен аумақтарын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары

Астана қаласының табиғи кешені басым түрде табиғат қорғау, рекреациялық, сауықтыру және ландшафт қалыптастыратын функцияларын атқаратын, және қаланың табиғи-ландшафттық негізін қалыптастыратын өсімдік және (немесе) су объекті объектілері басым аумақтардың жиынтығын білдіреді. Табиғи кешен аумақтарына мыналар жатады:

табиғи аумақтар – елорданың жасыл белдеуінің орманды және орман-паркін алаптар, Есіл өзенінің және оның салалары Ақбұлақ, Сарыбұлақ бұлақтарының құрылыс салынбаған табиғи алқабы;

көгалдандырылған аумақтар - саябақтар, бақтар, желекжолдар және гүлзарлар, бақ-саябақ өнерінің және ландшафттық сәулет ескерткіштері, сондай-ақ тұрғын үйлер құрылыстарының, қоғамдық, өндірістік және коммуналдық мақсаттағы объектілердің көгалдандырылған аумақтары;

резервтік аумақтар - бүлінген табиғи аумақтарды қалпына келтіру, жаңа көгалдандырылған аумақтарды ұйымдастыру үшін резервте қалдырылған аумақтар.

Табиғи кешен аумақтарын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары:

Астана қаласының, қала маңы аймағының және елорда агломерациясының табиғи кешенінің тұтастығын сақтауды;

әртүрлі иерархиялық деңгейдегі рекреациялық аймақтарды қалыптастыруды;

табиғи кешеннің нақты аумақтарын жобалауды және күтіп-ұстауды экологияландыруды;

табиғи кешен аумақтарының алаңдарын 14,2 мың гектардан 25,5 мың гектарға дейін ұлғайтуды көздейді.

3.5. Аумақты сәулет-жоспарлауды ұйымдастыру

Бас жоспарда қаланың ішкі аумақтарын қарқынды пайдалану арқылы қаланы қала шегінде одан әрі дамыту көзделіп отыр.

Негізгі сегіз жоспарлау-құрылымдық осі (Қорғалжын, Павлодар, Көкшетау, Қостанай, Қарағанды, Ерейментау, Қосшы) бойындағы бос аумақтарды игеру есебінен қала аумақтық дамытылады.

Бас жоспарда жаңа тұрғын үй құрылысын көп қабатты және аз қабатты орындауда жүргізу көзделіп отыр. Көп қабатты құрылыс қаланың орталық бөлігінде, сондай-ақ ландшафтты-рекреациялық аймақтың "жасыл сыналарына" қарай қабаттар төмендетіліп, 8 құрылымдық ось бойында қалыптастырылады. Құрылымдық осьтердің бойында орталықтан шетке қарай биіктік ауыса отырып құрылыс сатыланады.

Бұзылатын өнеркәсіп кәсіпорындары, коммуналдық-қойма объектілері ("Целинсельмаш", газ аппаратурасы зауыттары аудандары), қаланың орталық бөлігіндегі көнерген және азқабатты тұрғын үй (Тілендиев – Сарыарқа даңғылдары – Шабал Бейсекова көшесі шекаралары, Асан қайғы көшесі бойы және "Шұбар" "Оңтүстік Шығыс" аз қабатты тұрғын үй шағын аудандары) орнына Бас жоспарда нақты қала құрылысы, жоспарлау және көлемдік-кеңістіктік бағдарды қамтамасыз ететін биік тұрғын үй салу көзделген.

Аз қабатты құрылыс Ерейментау, Қарағанды, Майбалық, Қосшы, Қорғалжын және Қостанай бағытында орталықтан шетке қарай жоспарлау-құрылымдық осьтер бойында және Көкшетау, Павлодар бағытында К-1 айналма магистралінен қала шекарасына дейін, сондай-ақ басталған құрылысты аяқтауды қажет ететін аз қабатты усадьбалы құрылыс аудандарында дамытылады.

Қаланың перспективалы жоспарлау құрылымын қалыптастыру негізі табиғи-экологиялық және көліктік негіз болып табылады. Табиғи-экологиялық негізді Есіл өзенінің алқабы, оның салалары: Ақбұлақ, Сарыбұлақ, қолданыстағы "Жасыл Аймақ" және "Астана орманы" екпелері, сондай-ақ орман пактері ретінде қызмет ететін "Бурабай", "Қарқаралы", "Қорғалжын", "Баян Ауыл", "Ерейментау" ұлттық табиғи парктердің жалғасы болып табылатын жеке флорасы бар сыналар және қолданыстағы қалалық парктер, скверлер, желекжолдар құрайды.

Жасыл құрылымның барлық жүйесі орталық бөлікте негізгі қоғамдық-тұрғын үй құрылымдарын жалғайтын Айналма желекжолмен байланыстырылады.

Қаланың урбандалған негізінің келесі элементі көлік магистральдар жүйесі болып табылады. Бас жоспарда жаңа меридиональды және кең магистральдар, айналма автомобиль жолдарын, көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету желілерін құру, көлік айрықтарын, өтпелі жолдар, эстакадаларын және т.б. салу жолымен қаланың көлік құрылымын дамыту мен жетілдіруді көзделіп отыр.

Көше-жол желісін дамыту негізіне қоғамдық көлік үшін басымдығымен бір орталық көше және әртүрлі бағыттағы біржақты қозғалыс үшін екі бүйірдегі көше болатын сегіз жоспарлау-магистральдың бойында қалыптастырылған "үш параллель көше" бірыңғай жүйесін құру принципі алынған.

Қала аумағында кешеніне бір шатыр астында автомобильдерге арналған көп деңгейлі паркинг және велосипед пункті бекеті кіретін, жеңіл рельсті жүрдек көлікке қоғамдық автобус маршруттарының бес отырғызу терминалы құрылады.

Осы терминалдар арқылы өтетін көшелер елорда тұрғындары мен қонақтары жаппай баратын өзге де объектілермен бірге жеңіл рельсті жүрдек көліктің өту желісін құрайды.

Көліктік инфрақұрылым қолданыстағы көше-жол желісі ескеріліп орындалған.

Үздіксіз қозғалыстағы кіші айналма магистраль қаланың орталық бөлігін шеңберлей келе, жалпы қалалық және аудандық маңызы бар магистральдық көшелердің қиылысындағы айырықтар мен эстакадалар арқылы барлық алты жоспарлау ауданын байланыстырады.

Қала аумағын сыртқы транзитті ағындардан оқшаулауды К-1 айналма автожолы қамтамасыз етеді.

Қаланы одан әрі өсіру қаланы дамытудың негізгі бағыттары бойынша қоғамдық орталықтар құрылымында полиорталықтықты көздейді. Бас жоспарда ірі көлік тораптарында жоспарлау аудандарының орталықтарын ұйымдастыру көзделеді.

3.6. Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары

Қызмет көрсету, мәдениет, демалыс, туризм, білім, әкімшілік саласында және іскерлік саладағы функциялар мен жұмыс орындарының негізгі массасын өзіне шоғырландырған қоғамдық аумақтар қала аумағының урбанизацияланған негізінің функционалдық және сәулет-кеңістіктік өзегін құрайды.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары:

жалпықалалық қоғамдық орталықтар аумақтарының бірыңғай жүйесін дамытуды;

ірі тұрғын алаптарға қызмет көрсетудің жергілікті көпфункционалдық орталықтар желілерін дамытуды көздейді.

Жалпықалалық қоғамдық орталықтар аумақтарының бірыңғай жүйесін дамыту:

осы жүйенің 1,25 мың гектардан 3,57 мың гектарға дейін аумақтық өсуін, қоғамдық құрылыстар қоры алаңының 3,4 есе - жалпы алаңның 7,06 млн. шаршы метрден 23,87 млн. шаршы метрге дейін ұлғайтылуын;

атқарушы және өкілді мемлекеттік органдардың, шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің объектілерін орналастырудың мамандандырылған аймақтарын қалыптастыруды;

қаланың орталық аудандарының өкілдік, мәдени, демалыс функцияларын дамытуды;

қаланың орталық бөлігінде және орталық өзегінің шетінде қоғамдық аумақтарды қарқынды дамыту, оларда іскерлік, әкімшілік және сауда салаларында жұмыс орындарының негізгі массасын шоғырландыруды;

көлік тораптары және орталық өзегі мен шеткі аудандардың тарихи және табиғи парктерінің адамдар көп баратын аумақтары қалыптастыратын қаланың урбанизацияланған және тарихи негіздерінің байланысты аймақтарында рекреациялық, спорттық, демалу, және мәдени орталықтарды ұдайы дамытуды көздейді.

Қаланың тұрғын үй алаптарында, шеткі аудандарында осы аудандардың тұрғындары үшін қолайлы, оның ішінде толыққанды әлеуметтік инфрақұрылым кешендерінің: сауда, бұқаралық сұранысы бар демалыс және бұқаралық кәсіптердің жұмыс орындарына қашықтықтан жаяу қол жеткізу мақсатында қызмет көрсетудің жергілікті көпфункционалдық орталықтар желісін дамыту көзделіп отыр.

3.7. Астана қаласының аумағын функционалдық және қала құрылысы аймақтарына бөлу

Бас жоспарда қала аумағында төмендегідей функционалдық аумақтар бөлінген:

тұрғын жоспарлау аудандарынан, қоғамдық орталық және жалпы пайдаланылатын жасыл екпелер аймақтарынан тұратын *селитебті аймақ*.

Қаланың селитебті аймағы мыналарды қамтиды:

шағын аудандар және тұрғын үй құрылысы орамдары;

әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері, әкімшілік және азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар орналасқан аумақтар;

жасыл екпелер аумақтары;

коммуналдық кәсіпорындар, инженерлік-көлік инфрақұрылым объектілері мен құрылыстары, тамақ өнеркәсібінің ұсақ кәсіпорындары орналасқан аумақтардың жергілікті дәл учаскелері және т.б.

Өнеркәсіптік аймақ өнеркәсіптік аймақтарды және кәріздік тазарту құрылыстары мен ағынды сулар тұндырғышы бар коммуналдық аймақты қамтиды. Сонымен қатар, өнеркәсіптік аймақты жылу-электр энергиясын шығаратын, газ, су жеткізуші объектілер, темір жолдың жылжымалы құрамын жөндеу, радиаторларды, орталық жылу қазандықтарын, генераторларды, трансформаторларды, электр тарату және реттеу аппаратураларын, медициналық аппаратураны жөндеу, құрылыс материалдарын шығару, тамақ өнеркәсібі объектілері сияқты қаланың негізгі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары қалыптастырады.

Санитарлық-қорғау аймақтары – өнеркәсіптік және селитебті аймақ арасындағы көгалдандырылған қорғау аумақтары.

Бас жоспарда өндірістік объектілер және жоспарлау аудандарының тұрғын құрылыс аумақтары арасында санитарлық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру көзделген, бұл ретте санитарлық-қорғау аймағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың зияндылық санаты нақты анықтала отырып қалыптастырылады.

Рекреациялық аймақ қалалық ормандарды, орманды парктерді, орман қорғау аймақтарын, су айдындарын, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлерді және селитебті аумақта орналастырылатын парктермен, бақтармен, гүлзарлармен

және желекжолдармен бірге ашық кеңістік жүйесін қалыптастыратын өзге де алқаптарды қамтиды. Астана қаласының аумағын ландшафтты-рекреациялық ұйымдастыру елорда тұрғындары үшін жағымды табиғи және экологиялық жағдайларды қамтамасыз ететін қалалық ортаның барлық көгалдандырылған бөліктерін теңдестірілген түрде дамыту болып табылады.

Арнайы мақсаттағы аймақ зираттарды, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды, тазарту құрылыстарын және қаланың коммуналдық шаруашылығының өзге де ұқсас объектілерін орналастыруға арналған.

Резервтік аумақтар – Астана қаласын перспективада дамыту аумақтары муниципалдық жерлер болып табылады және қаланың селитебті аймағын дамыту үшін пайдаланылады.

Режимді аумақтардың аймақтары – әскери ведомстволардың арнайы аумақтары, әскери бөлімдер. Мұнда казармалар мен түзету мекемелерінің корпустарын қоса алғанда, тұрғын құрылысы да және коммуналдық, өнеркәсіптік және өзге де объектілер де орналастырылады. Астана қаласының аумағын қала құрылысы аумақтарына бөлу аумақтардың функционалдық пайдаланылуына (функционалдық аймақтарға бөлу), құрылысқа (құрылыс аймақтарына бөлу), ландшафтты ұйымдастыруға (ландшафтты аймақтарға бөлу) және экологиялық қауіпсіздікке (экологиялық аймақтарға бөлу), қала аумағының 6 жоспарлау ауданына және/немесе 72 жоспарлау секторына және/немесе 789 жоспарлау орамына қойылатын міндетті талаптар белгілеуді білдіреді.

Астана қаласын дамытудың бас жоспарында аумақты қала құрылысы аймақтарына бөлу "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" 3.01.01-2008-ге Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне және "Астана қаласын жоспарлау және салу" ҚР 3.01-01Ас-2007 Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес белгіленеді. Бас жоспар жоспарлау орамдарының аумақтары деңгейінде функционалдық пайдалануға (функционалдық мақсаты) қойылатын талаптарды белгілейді. Магистралдық көшелердің қызыл сызықтары ескерілген қаланың аумақтық бірліктерінің шекараларымен, табиғи кешен аумақтарының шекараларымен, өзге де шекаралармен шектелген Астана қаласы аумағының бір бөлігі жоспарлау орамы болып табылады. Астана қаласы шекаралары шегінде орташа ауданы 95 гектарды құрайтын шамамен 789 жоспарлау орамы бар.

Жоспарлау секторының функционалдық мақсаты оның шекараларында тұрғын, қоғамдық, өндірістік, табиғи объектілер учаскелері аудандарының рұқсат етілген ара-қатынасын белгілейді.

Жоспарлау орамдары аумақтарының белгіленген функционалдық мақсаты Астана қаласының қала құрылысын дамытудың мақсаттарына, талаптарына және

негізгі бағыттарына сәйкес қала құрылысы қызметін жүзеге асыру барысында қала аумақтарын пайдалануды қамтамасыз етудің заңды құралы болып табылады.

Жоспарлау орамдары аумақтарының белгіленген функционалдық мақсаты жергілікті органдар үшін қала құрылысы және жер учаскелерін пайдалану саласында шешімдер қабылдау кезінде міндетті болып табылады.

Бас жоспар шеңберінде жоспарлау орамдары аумақтарының функционалдық мақсаты Астана қаласының аумағын функционалдық аймақтарға бөлудің бас схемасында белгіленеді.

"Бас жоспар (негізгі сызба)" БЖ-5 сызбасында басым түрде иеліктен шығару және резервті аумақтар да келтірілген. ГП-6 сызбасында қала аумақтарын қала құрылысы аймақтарына бөлу сызбасы келтірілген.

4. Көліктік инфрақұрылымды дамыту

Астана қаласының көліктік инфрақұрылымын 2030 жылға дейін дамыту тиісті сервистік қызметтер кешені бар, экономиканың барлық субъектілеріне және тұрғындарға қол жетімді және ең аз шығындармен жүктер мен жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз ететін тиімді көше-жол желісін құрудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қаланың көліктік инфрақұрылымын дамытудың негізгі мақсаты оны үздіксіз және орнықты дамыту болып табылады.

Осы бағыттағы қаланың бірінші кезектегі міндеті:

қала көшелерінде нақты көлік жағдайын қадағалау үшін көлікті басқару орталығын құру;

қаланың көліктік моделі негізінде көліктік инфрақұрылымды жетілдіру;

жобалау және көлік проблемаларын оңтайлы шешу мақсатында қаланың көліктік моделінің жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

Қала және қала маңы аумағының қолайлы нормативтік қолжетімділігін қамтамасыз ету, көліктің экологиялық қауіпсіздігіне қол жеткізу қажеттілігіне сүйене отырып бас жоспарда мыналар көзделген:

қала халқының қарқынды автомобильденуімен байланысты барлық мәселелерді кешенді шешу, атап айтқанда: көше-жол желілерін қарқынды дамыту, көпірлер мен жолайрықтар, ашық және жабық тұрақтар салу, жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру;

қоғамдық көліктің бұқаралық түрлерінің тасымалдау үдерісінде басымдықты сақтай отырып, жеке және қоғамдық жолаушылар көлігінің өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету;

жүрдек жеңіл-рельсті көлікті енгізу;

қалалық және қала маңындағы көлік жүйесін жетілдіру және кіріктіру;

сыртқы көлік жүйесін дамыту деңгейін сапалы арттыру.

Астана қаласының қалалық қоғамдық көліктің негізгі түрлері:

қарапайым автобустар және такси;

жүрдек жеңіл рельсті көлік.

Темір жол вокзалынан бастап әуежайға дейін жеңіл рельсті көліктің бірінші желісінің ұзындығы 23,9 км және 14 станцияны құрайды. Жолаушылардың жол уақытын нормативтік қамтамасыз ету үшін қозғалыс аралығы 6,5 минут болуы тиіс, бұл ретте 23 құрам қажет.

Екінші айналма желісінің ұзындығы 28,4 км және 16 станцияны құрайды. Құрам аралығы 3,2 минут, барлығы 29 құрам қажет. Қарбалас сәтте жолаушылар айналымы сағатына 5 628 жолаушыны құрайды.

Жеңіл рельсті көліктің үшінші желісінің ұзындығы 5,5 км және

4 станцияны құрайды. Жеңіл рельсті көліктің бұл тармағы қаланың батыс бөлігін орталық әкімшілік аймақпен жалғастырады.

Жеңіл рельсті көліктің төртінші желісінің ұзындығы 10,6 км және 8 станцияны құрайды. Бұл бағыт жеңіл рельсті көліктің орталық айналма желісімен қаланың шығыс бөлігін қамтиды.

Жеңіл рельсті көліктің жалпы ұзындығы 68,4 км құрайды және

бұл ретте 42 станциядан тұрады.

"Астана қаласының жол полициясы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің деректеріне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалада 206 302 автокөлік құралы тіркелген, оның 192 541 бірлігі жеңіл көлік немесе үш тұрғынға бір автокөлік құралынан және төрт тұрғынға бір жеңіл автомашинадан келеді.

Автомобильдірудің жедел өсуімен байланысты проблемалар кешенін шешу үшін бас жоспарда:

1. мыналар:

қала көлігін реттеу;

қоғамдық көліктің де және жол қозғалысының басқа қатысушыларының да кедергісіз қозғалуы;

қоғамдық көліктің жылдамдығын және қауіпсіздігін арттыру;

көлік инфрақұрылымын бір алаңда жоспарлау және шоғырландыру, оның ішінде автовокзалдарды, жүрдек ЖРК станцияларын, автомобильдерді сақтауға арналған паркингтерді, автобустарға және таксилерге арналған уақытша паркингтік автотұрақтарды және басқа да сервис түрлері үшін "үш параллельді көше" жүйесін құру көзделген.

2. Жаңа және қайта жаңартылатын аудандарда магистральдық сондай-ақ жергілікті көшелерді салу және қайта жаңарту есебінен көше-жол желісінің ұзындығын және тығыздығын ұлғайту.

3. Көпірлер, жолайрықтар, эстакадалар, жол тармақтарын, көшеден тыс жаяу жүргіншілер өткелдерін салу.

4. Магистральдық көшелерде үздіксіз қозғалысты ұйымдастыру.

5. Көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысын басқарудың, бақылаудың және реттеудің тиімді автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру.

6. Велосипедтерді жалға беру пункттері мен олардың тұрағы болатын велосипед қозғалысын қоса алғанда, жаяу жүргіншілер қозғалысы жүйесін құру.

7. Автомобильдерді сақтау үшін жаңа қоса салынған, жапсарлас салынған, жеке тұрған, жер асты және көпдеңгейлі паркингтерді салу.

8. Жүрдек жеңіл рельсті көлікті іске қосу үшін жолдар мен инфрақұрылымдар салу.

5. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

5.1. Сумен жабдықтау

Бас жоспарда қаланы сумен жабдықтау жүйесін дамытудың мынадай бағыттары көзделіп отыр:

қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесін оның өнімділігін шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және өндірістік мұқтаждарға тәулігіне 689 мың м³ дейін ұлғайту арқылы сақтау және дамыту;

сумен жабдықтау, сорғы-сүзгі станцияларын және су құбыры желілерін қайта жаңарту мен жаңадан салу жүйесінің сенімділік деңгейін арттыру;

қаланы сумен жабдықтау үшін қолданыстағы жерүсті көздерін сақтау және сумен қамтамасыз ету;

сумен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін қала үшін екінші су көзі ретінде сапалы жерасты ауыз суларын іздеу.

5.2. Су бұру

Бас жоспарда кәріз жүйесін дамыту бөлігінде:

"Астана қаласында "Талдыкөл" ағынды су жинағышын қайта құнарландыра отырып жою" жобасын іске асыру;

қолданыстағы тазалау құрылыстарын кеңейту, толық тазалау құрылыстарын салу және қайта тазаланған сарқынды суды Есіл өзеніне ағызу үшін коллекторлар салу есебінен кәріз жүйесінің сенімді жұмыс істеуін оның жалпы қуатын тәулігіне 417 м³ дейін жеткізу арқылы арттыру;

жаңа магистральдық коллекторлар және кәрізді сорғы станцияларын салу, қолданыстағы желілер мен сорғы станцияларын қайта жаңарту;

толық тазаланған сарқынды суларды техникалық мұқтаждарға пайдалану көзделіп отыр.

5.3. Жылумен жабдықтау

Бас жоспарда Астана қаласын жылумен қамту жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

2030 жылға қарай қала тұрғындарының саны 1220 мың адамға ұлғайған кезде қаланы жылу энергиясымен жүктелімінің артуын қамтамасыз ету;

қазіргі заманғы технологиялар және жабдықтар базасында жылумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйелерін жетілдіру, техникалық қайта жарақтандыру және дамыту;

орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау аймағында жекелеген тұтынушыларды жылумен жабдықтау мұқтажы үшін жылу мен электр энергиясының қазіргі заманғы, жоғары сапалы және дәстүрлі емес көздерін енгізу болып табылады.

Жылумен жабдықтау жүйесінде 2020 жылға дейін кезеңге:

екі турбоагрегатпен, екі қазандық агрегатымен және бір су ысыту қазандығымен жабдықтап, 2-жылу электр орталығын кеңейту және қайта жаңарту. Қолданыстағы жылу қуаты сағатына 2 040 Гкал-ды құрайды. Отын ретінде Екібастұз кен орнының тасты көмірі пайдаланылады;

төрт су ысыту қазандығы (1-кезек), үш турбоагрегатпен және үш қазандық агрегаты бар (2-кезек) 3- жылу электр орталығын салу. Қолданыстағы жылу қуаты сағатына 1 030 Гкал-ды құрайды. Отын ретінде Екібастұз кен орнының тасты көмірі пайдаланылады;

моралдық тұрғыдан ескірген екі қазандық агрегатын жаңасына ауыстырып, 3-ЖЭО салынуына және пайдалануға берілуіне қарай ПТВП-100 су ысыту қазандықтарының одан әрі жұмыс істеуін тоқтату арқылы 1-ЖЭО қайта жаңарту. Қолданыстағы жылу қуаты сағатына 280 Гкал-ды құрайды. Отын ретінде Екібастұз кен орнының тасты көмірі пайдаланылады;

2-ЖЭО (ЖТ-4) мен 3-ЖЭО-дан (ЖТ-5, ЖТ-6) жаңа ЖЭО салу, қазіргі заманғы технологияларды пайдаланып, арнасыз төсемді пайдалану арқылы қаланың қазіргі бөлігінде жаңа жылу магистральдарын салу қайта жаңарту;

орталықтан жылумен жабдықтау аймағында орналасқан коммуналдық және жекелеген объектілердің дербес жылыту жүйелерін пайдаланудан шығару. Орталықсыздандырылған көздерден жылумен қамтылған объектілерді орталықтан жылумен қамтуға ауыстыру.

Орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау аймағында қазіргі заманғы, сапасы жоғары аудандық қазандықтар мен дербес жылыну жүйелерін салу, сондай-ақ жекелеген тұтынушылар үшін жылу мен электр энергиясының дәстүрлі емес көздерін енгізу көзделген.

1-ЖЭО және 2-ЖЭО кеңейту, қайта жаңарту, 3-ЖЭО салу жөніндегі іс-шаралар осы жылу көздерінің жиынтық жылу қуатын сағатына 3 350 Гкал дейін жеткізуге және 2021 жылға дейін қаланың жылуға деген қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылыс қарқынын одан әрі ұлғайту және халық санының өсуі жылу жүктелімдерінің ұлғаюына әкеледі, ол қолданыстағы жылу көздерін қамтамасыз ете алмайды.

Жылумен жабдықтау жүйесінде 2030 жылға дейінгі кезеңге жылу және электр энергиясын алу үшін қолданыстағы көздерді кеңейту және дәстүрлі, дәстүрлі емес технологияларды пайдаланып, жаңа жылу көздерін салу көзделген.

5.4. Электр энергиясымен жабдықтау

Қаланы электр энергиясымен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

қаланың айналасында шеңбер жасау үшін "Батыс", "Достық", "Шығыс" - 220/110 кВ тіректі кіші станциялар арасында 220 кВ әуе желілерін салу;

перспективаны ескеріп, қазіргі құрылыс аймағындағы электр желілері мен құрылыстарды қайта жаңарту мен техникалық жарақтандыру;

әуе арқылы электр беру желілерін кабельді электр беру желілеріне және ашық үлгідегі ҚС 110/10 кВ қосалқы станцияларын жабық үлгідегі ҚС 110/10 кВ қосалқы станцияларына кезең-кезеңімен ауыстыру;

жаңа құрылысты электр энергиясымен жабдықтау үшін жабық үлгідегі жаңа ҚС 110/10 кВ салу;

индустриялық пәкті электр энергиясымен жабдықтау үшін жабық үлгідегі жаңа ҚС 220/110 кВ салу болып табылады.

Жобада іргелес аудандарға қуат беру үшін 500 кВ және 220 кВ сыртқы желілерді күшейту және "Шығыс" ҚС қосалқы станциясының маңында ҚС 500/220 кВ "Астана" жаңа қосалқы станциясын салу көзделген.

5.5. Газбен жабдықтау

Бас жоспарда тұтынушылардың барлық санаттарын есепті мерзімге сұйытылған көмірсутекті газбен қамтамасыз ету мәселелері шешілген. Газбен жабдықтау жүйесінің объектілері мен құрылыстарын орналастыру жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, газды болжамды тұтынуды қамтамасыз ету үшін қалада екі газ толтыру станциясы бар.

Осы уақытқа дейін Астана қаласына табиғи газ жеткізу мәселесі шешілген жоқ.

Бас жоспарда табиғи газды қабылдау және тарату үшін негізгі құрылыстарды орналастыруға арналған резервті аумақтар көзделген.

6. Бас жоспарды іске асыру және оның мониторингі

Астана қаласын дамытудың бас жоспарын іске асыруды және оның мониторингін Астана қаласының жергілікті атқарушы органы қамтамасыз етеді.

Бас жоспарды түзету әр 5 жылда жүргізілуі мүмкін және келесі есептік кезеңге арналған бірінші кезекті қала құрылысының іс-шаралары бағдарламаларын қабылдаудан, қажеттілігіне қарай – Астана қаласының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары мен Астана қаласының аумағын қала құрылысы аймақтарына бөлудің бас схемаларын түзетуден тұрады.

7. Жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2015 жыл	2020 жыл	2030 жыл
1. Аумағы					
1.1 Елді мекен жерінің аумағы (қала межесінің шегінде)	га	71014	71014	71014	71014
2. Халық					
2.1 Бағынысты елді мекендер ескерілген халық саны	мың адам	770	855	991	1220
2.2 Селитебті аумақ шегіндегі халықтың тығыздығы	адам/га	85	42	43	44
2.3 Жұмыспен қамтылған халық саны	мың адам	370,1	441,4	517,8	647,3
3. Тұрғын үй құрылысы					
3.1 Тұрғын үй қоры	жалпы алаңы мың мІ	15302,8	17850	23750	37200
4 . Әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы мекемелер					
4.1 Мектепке дейінгі балалар	орын	20600/27	33350/39		67500/55

мекемелер, барлығы/1000 адамға				53550/54	
4.2 Жалпы білім беретін мекемелер, барлығы/1000 адамға	оқушылар	81040/105	101300/118	128800/130	162800/133
4.3 Емханалар, барлығы/1000 адамға	бір ауысымда келушілер	10810/14	9530/11,1	13880/14,0	26000/21,3
4.4 Ауруханалар , барлығы/1000 адамға	кереует	8223/10,7	4990/5,8	7090/7,2	14640/12,0
4.5 Өрт депосы	д е п о / автомобиль-дер саны	11/61	23/176	27/200	35/266
5. Көлік және жолдар					
5 . 2 Магистралдық көшелер мен жолдардың ж а л п ы ұзындығы	км	852,2	1064,1	1489,1	2313,8
5.2.1 Айналма жолды қоса алғанда, қалалық маңызы бар бас көшелер	км	245,4	255,6	321,8	403,2
5.3 Автокөлік с а н ы , автокөлікті иелену	к.к./ 1000 адамға	305	303	414	600
автомобильдер саны	к.к	235 000	257500	410270	732000
6. Инженерлік жабдықтар					
6.1 Сумен жабдықтау					
6 . 1 . 1 Жиынтықты тұтыну (ысырап пен ағып кетуді қоса алғанда)	тәулігіне мың м ³	534,98	553,7	647,9	688,8
Ауыз су	тәулігіне мың м ³	416,71	443,5	513,0	553,9
Техникалық су	тәулігіне мың м ³	118,27	110,23	134,93	134,93
6.1.2 1 адамға шаққанда					

тәулігіне орташа су тұтыну	тәулігіне л	450	410	410	360
6.2 Кәріз					
6.2.1 Ағынды судың жалпы келіп түсуі	тәулігіне мың м ³	336,52	345,72	390,58	416,89
6.3 Электрмен жабдықтау					
6.3.1 Электр энергиясына жылдық сұраныс болжамы	сағатына/ жылына млн.кВт	2716,3	4102,2	5300,8	7051,4
6.3.2 Жылына 1 адамға шаққанда , оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждарға арналған орташа электр тұтыну	сағатына кВт.	2337	4824	5251	5875
6.4 Жылумен жабдықтау					
6.4.1 Ең жоғары жылу жүктемесі	сағатына Гкал	1810	2460	3355	4500
6.5 Газбен жабдықтау					
6.5.1 Табиғи газды тұтыну, барлығы	жылына м ³	-	-	-	-
7. Қоршаған ортаға әсерді бағалау					
7.1 Атмосфера ластануының ең жоғары индексі (АЛИ) және соған сәйкес ластану деңгейі	Жылына АЛИ 5 /мың тонна	4,67 / 56,5	5,43 / 77,5	6,23 / 83,7	6,99 / 90,0